



Бекітілді:
«Мұғалжар аудандық
білім бөлімі» ММ басшысы
Б. Қ. Аманжол
«04»...09...2023 жыл

Келісілді:
Мұғалжар ауданының
білім бөлімінің әдістемелік
кабинеті меңгерушісі:
М. Ж. Шарипов
«04»...09...2023 жыл



Ұсынылды:
«Шеңгелши негізгі
орта мектебі» КММ директоры
Ш. Б. Адилов
«04»...09...2023 жыл

**«Шеңгелши негізгі орта мектебі» КММ-нің
2023-2024 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында Шеңгелши НОМ –де білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы **№ 348** бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (ҚР оқу ағарту министрінің 09.09.2022ж. №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар **1,2–қосымшасы**) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ;
- "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы **№ 264 бұйрығы 1-қосымша (1-4 кластар үшін).**
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы **№ 365 бұйрығы 6 – қосымша (5-9 кластар үшін).**
- “Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы” ҚР БҒМ 2013 жылғы 13 сәуірдегі **№115** бұйрығы;
- “2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу -тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хаты Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы **№ ҚР ДСМ-76** бұйрығы « Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар.

Мектеп жанындағы шағын орталықта және мектепалды даярлық сыныбында білім беру процесі:

- 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (ҚР оқу ағарту министрінің 09.09.2022ж. №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 1,2–қосымшасы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» басшылыққа алынды.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат негізге алынды.

2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленіп, төмендегі бағыттар қамтылады:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Стандарт негізінде және ҰОЖ сәйкес физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

Вариативтік компонент сағаттары

Бастауыш білім беруде:

1-сыныпта «Математика және логика» - аптасына 1 сағат.

Мақсаты: Есте сақтаудың түрлері, қиял мен зейінді қалыптастыру, дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу.

- Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Ойлау қызметі негізінде ойды дамыту, тексеру, салыстыру жіктеу болса, керектісін дәлелдеу, пікірін айту, өзгемен хабарласу, жауап беру тіл арқылы жүзеге асады. Осыған сәйкес сөйлеуді дамыту. Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлеммен жұмыс істеу барысында тіл дамыту. Қиялдау, елестету және шығармашылық ойлауын дамыту.

- Тұлғааралық қатынастың тәрбиелік жүйелері. Қоршаған ортаға дұрыс көзқараспен қарым- қатынас жасауға тәрбиелеу. Алған білім-білік дағдыларын өмірде қолдана білуге үйрету, ізденімпаздыққа, өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жаңа шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады.

2-сыныпта «Математика және логика» - аптасына 1 сағат.

Мақсаты: Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау. Көрнекі-бейнелі логикалық ойлауды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Әр түрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады;
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді;
- Есептерді өз бетімен шығаруға үйренеді;
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады;
- Проблемалық жағдаятты шеше алады;
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды.

«Тіл мәдениеті»

Мақсаты: Оқушылардың сауатты жазу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеу дағдысын одан әрі дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың дұрыс, мәнерлі сөйлеу тілі, жаза білуі, мәтін құрастыра білу біліктілігі қалыптасады.
- Сипаттау, пайымдау, әңгімелеу мәтіндерін құрастыру, сөздік қорын молайтып, түрлі көркем әдебиеттер оқуы тиіс.

3-сыныпта «Математика және логика» - аптасына 1 сағат.

Мақсаты: Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл- ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты нәтижелі білім алуға бағыттау.

Күтілетін нәтиже: Оқушы кез - келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады. Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады. Проблемалық жағдаятты шеше алады. Шығармашылықпен жұмыстана бастайды. Логикалық есептерді шығара алады.

4-сыныпта «Математика әлемінде» - аптасына 1 сағат.

Мақсаты: Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын арттыру арқылы зейінін, еске сақтау, байқағыштық, киялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Оқушының оқу мен жазу дағдыларын жетілдіріп, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын дара тұлға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- миллион көлеміндегі сандардың натурал қатарының ретін және қосудың және көбейтудің қасиеттерін; жакшалы және жақшасыз санды өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалуын ретін, тәртібін; есептің құрамдас бөліктерін және оны шығару үдерісін кезеңдерін біледі. Сандарды жазбаша көбейту баған түрінде және бөлу тәсілдерін үйренеді.

- Логикалық есептерді шешудің жолын табады.

-Оқушылардың логикалық ойлау, еске сақтау қабілеттері, зейіні, заттар мен құбылыстарды талдауы, салыстыра алу дағдылары дамиды.

Вариатив компонентінен жаһандық құзыреттілік курстары :

- 5- 8 сыныптар «Жаһандық құзыреттер» курсы әр сыныпта 0,5 бірліктен оқытылады.

Мақсаты: Білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара, мәдениетаралық өзара іс- қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды,бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

- 9- сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» (1сағат).

Мақсаты: Құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы "09" қыркүйек
№ 394 бұйрығына
I-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
I-қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	күн сайынЖүктеу

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы "09" қыркүйек
№394 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған әрекет*	іс-	Жас топтары ортанғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру		аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**		күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі		аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***		күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері		-	-
4	Математика негіздері		күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу		күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка		аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****		күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші әрекет*****	іс-	күн сайын	күн сайын

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы " 09 " _қыркүйек
№ 394 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

ҚР Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2023 жылғы 18 тамыздағы
№ 264 бұйрығына 1-қосымша

ҚР Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	жоспары					
		Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі		2	2	2	6	204
5	Ағылшын тілі			2	2	4	136
II	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21.5	726.5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0.5	1	1	1	3.5	118.5
III	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
IV	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
V	Технология және өнер	3	3	2	2	10	337
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек			1	1	2	68
Y	Еңбекке баулу	1	1			2	67
	Бейнелеу өнері	1	1			2	67
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	91,5	3058,5

Вариативтік компонент

Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	2	1	1	5	169
“Математика әлемі”	1	1	1	1	4	135
“Тіл дамыту”		1				34
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3227,5

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2024 жылдың I қаңтарынан енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 12 тамыздағы
№ 365 бұйрығына 6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына 6-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі

орта білім берудің оқу жоспары

орта білім берудің оқу жоспары								
№	Білім салалаы және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент								
I	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	3	15	510
II	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
IV	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
V	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1				2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік немесе таңдауы бойынша курстар		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
«Зайырлылық және дінтану негіздері»						1	1	34
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

Оқу ісі орынбасары:

Аудандық білім бөлімінің әдіскерлері:

Жайбергенова Ж.М. Жумабаев Ш.Ж.
Тулеумухамбетова Г. С. Жолдасова А. О.

Г. К. Абишева

Айтбаева Ж.Ж.

Байтакова Г.К.

Аймағанбетова Б. П.

Шұрмағамбетова Г.К.

Болат А. А.

Жарылқасын Г. Н.

Осы кітапта тігілген , мөрмен
бекітілген және нөмірленген

11 (он бір)
бет тіркелген

Басталу уақыты « 01 » 09 2023ж

Аяқталу уақыты « 25 » 05 2024ж

Мектеп директоры:  А.Б. Ш.Б.Адилов